2) ЖЖОКБҰ басшысының орынбасары (проректор): қашықтықтан білім беру технологияларын қолданып оқу процесін ұйымдастыру бойынша жұмысты үйлестіреді және ұйымдастырады; оқу материалдарын, оның ішінде электронды оқу-әдістемелік кешендерін, электронды білім беру ресурстарын құрастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастырады; ЖЖОКБҰ-ның интернет-ресурстарында (сайтында) орналасатын академиялық күнтізбелерді және сабақ кестелерін жасау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады; оқытушылармен бірлесіп оқыту әдістері мен технологияларын, білім алушыларға тапсырмаларды алу және олардың орындалған жұмыстарын ұсыну мерзімдерін, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттарын анықтайды; білім алушылардың білім беру қызметінің ұйымдастырылуын анықтайды: білім беру процесінің барлық қатысушыларын (оқытушылар мен білім алушыларды) оқу жұмыстарын ұйымдастыру және оқу нәтижелері туралы ақпараттандырады; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып білім беру процесін ұйымдастыру барысында әдістемелік қолдауды жүзеге асырады; бекітілген кестеге сәйкес оқытушының қызметін және олармен кері байланысты ұйымдастырады; оқытушылармен кері байланыс арқылы білім беру процесін өткізу барысын бақылайды; педагогтердің оқу жүктемесін орындау бойынша жұмысын үйлестіреді;

3) ЖЖОКБҰ-ның оқытушысы: бағалаудың айқын саясатымен оқу пәнінің силлабусын әзірлейді. Силлабус педагог пен білім алушылар арасындағы келісім болып табылады, осыған орай ЖЖОКБҰ-да силлабусты бекіту және оған өзгерістер енгізу процесі регламенттейді; электронды оқу материалдарын, электронды курстарды әзірлейді; білім алушылардың назарына оқу сабақтарының форматы туралы ақпаратты жеткізеді; электронды ресурстарда білім алушылардың алуан түрлі жұмыстарын, қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолданып білім алушылар арасында интерактивті өзара әрекетті қамтамасыз етеді; сабақтар кестесіне сәйкес оффлайн және онлайн-сабақтар, білім алушылардың өзіндік жұмыстарына бақылау өткізеді; білім алушылар үшін, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін жеке кеңес берулер өткізеді; белгілі бағалау саясатына

сәйкес бекітілген силлабус мерзімінде білім алушылардың бағасын қояды; тапсырмалардың орындалуын бақылайды;

4) білім алушылар: бекітілген сабақ кестелері бойынша оқытушылармен байланыста табылады; ЖЖОКБҰ-ның академиялық саясатымен, ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау, кәсіби тәжірибені ұйымдастыру бойынша ішкі ережелермен, оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттарымен, қолжетімді байланыс құралдары арқылы оқу пәндерінің силлабустарымен танысады; сабақ кестесіне сәйкес электронды немесе онлайн платформалардағы және өз бетімен оқу мақсатымен оқу материалын алу үшін басқа да байланыс жүйелеріндегі оқу сабақтарына қатысады; тапсырмаларды өз бетімен орындайды, орындалған тапсырмаларды қолжетімді байланыс құралдары (платформа, электронды пошта, мессенджерлер) арқылы оқытушыға бағыттайды; тапсырмаларды орындау кезінде академиялық адалдық қағидаларын сақтайды; тұрғылықты орнында ғаламтордың болмауы немесе жеткіліксіз жылдамдығы кезінде қажетті ғаламтор байланысымен және СЭР қамтамасыз етілетін ЖЖОКБҰ-ның жатақханасына тұруға келе (мүмкіндік болғанда) алады;

5) білім алушылардың ата-аналары (заңды өкілдері): білім алушыларға оқу үшін жағдай жасайды; мүмкіндігінше білім алушылардың оқу пәндерінің тапсырмаларын немесе өз бетімен тапсырмалардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады; ғаламтор болмаған немесе жеткіліксіз жылдамдық кезінде студентті қажетті интернет байланысымен және СЭР қамтамасыз етілетін ЖЖОКБҰ-ның жатақханасына немесе өзге жерге тұруға бағыттайды.

Ұсынымдар:

68. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың бақылау нәтижелері қашықтықтан білім беру технологиялары ҚР ЖЖОКБҰ-ға енгізілуі және қолданылуы мүмкін екендігін көрсетті.

69. ЖЖОКБҰ-да қашықтықтан білім беру технологияларын тиімді енгізу мақсатында мыналар ұсынылады:

1) жаңа оқыту әдістемесін енгізу мәселесін қарастыру: Blended Learning, төңкерілген сынып, онлайн-курс, аралас курс (белсенді емес), аралас (интерактивті), төңкерілген сынып, интерактивті онлайн курс;

2) теориялық оқу кезеңінде практиканың барлық түрлерін біріктіруге мүмкіндік беретін білім беру бағдарламаларын құрудың модульдік жүйесін кеңінен қолдану;

3) дәріс сабақтарын онлайн режимде немесе бейнежазбаларды дайындау арқылы, ал семинарлық және зертханалық сабақтарды - 15 адамға дейін шағын академиялық топтарда өткізу;

4) аралық және қорытынды аттестаттау рәсімін (ҚО үшін), сондай-ақ барлық жазбаша жұмыстардың бірегейлігін антиплагиат жүйесі арқылы тексеруді прокторинг жүйесімен қамтамасыз ету;

5) ЖЖОКБҰ-ның корпустарында, жатақханалары мен аумақтарында СЭР-ді қамтамасыз ету.

70. ЖЖОКБҰ келесі оқу жылында үш сценарий бойынша оқу процесін ұйымдастыруға дайын болуы тиіс.

71. ЖЖОКБҰ-ға келесі қадамдарды жүзеге асыру ұсынылады:

- Қашықтықтан оқыту форматын қарастыратын академиялық саясатты қайта қарау.
- ПОҚ және білім алушылар үшін қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу.
- Инновациялық білім беру технологияларын қолдану бойынша жеке платформалар мен тренингтерде ПОҚ оқуын ұйымдастыру.
- Курстардың 5 түрін әзірлеу: онлайн-курс, аралас курс (белсенді емес), аралас (интерактивті), төңкерілген сынып, интерактивті онлайн курс.
- Қашықтықтан оқыту технологияларын қолданып қолданбалы сипаттағы оқу пәндерін өткізудің тәсілдемелерін жасау.
- Сапаны ішкі қамтамасыз ету саясатына сәйкес оқу сапасының тұрақты мониторингін қамтамасыз ету.
- Аралық және қорытынды аттестаттау (ҚО үшін) рәсімін прокторинг жүйесімен қамтамасыз ету.
- Санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды ескере отырып, отырыстарды ұйымдастыру және өткізу регламентін енгізу (бейне-конференц байланыс құралдарын қолданып әлеуметтік қашықтандыруды сақтау).
- Барлық оқу сабақтары қашықтықтан оқыту форматында өтеді (40-тармаққа сәйкес кампуста ішінара оқу мүмкіндігі қарастырылған даярлық бағыттары кірмейді).
- СЭР-ді сақтай отырып кампуста белгілі даярлық бағыттары бойынша зертханалық және практикалық сабақтар ұйымдастыру.
- Зерттеу кеңістігі шегінде төмен жұмыспен қамту және екі метрлік физикалық қашықтық талаптарының сақталуын қамтамасыз ететін кестені әзірлеу және кестеге сәйкес бақылау.
- 1 ш.м. 1 адам (1 партада 1 адамнан) – әлеуметтік қашықтандыруды ескере отырып аудиторияның толымдылығын қамтамасыз ету және 1 білім алушыға кемінде 5 ш.м. қамтамасыз етумен зертхана сабақтарын өткізу.
- Университет аудиторияларында және корпустарында, оның ішінде спорт кешенінде және Әскери кафедрада білім алушылардың жиналуын топтарға бөліп азайту. 15 адамнан асатын топтарға жол бермеу немесе аудитория толымдылығы жобалау қуатының 40%-нан аспайтындай академиялық топтарды ұйымдастыру.
- Студенттердің тұратын жерінде интернет жылдамдығы болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда білім алушылардың ЖОО жатақханаларында тұруына мүмкіндік беру.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы « » № бұйрығына 4-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамыздағы №345 бұйрығына 5-қосымша

## **Қосымша білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмаумен байланысты шектеу шаралары кезеңінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

### **1-тарау. Жалпы ереже**

1. Осы әдістемелік ұсынымдар 2020-2021 оқу жылында карантин шараларын сақтау жағдайында әр түрлі форматтағы оқу-тәрбие қызметін тиімді ұйымдастыру мақсатында, сондай-ақ қашықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы сапалы білім беру қызметін көрсету үшін балаларға қосымша білім беру ұйымдарының (бұдан әрі-БҚББ ұйымдары) басшылары мен педагогтеріне көмек ретінде әзірленді.

2. Оқыту форматтары әр аумақтың бас санитарлық дәрігерінің шешімін ескере отырып, жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша әрбір нақты өңірде санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды негізге ала отырып, әртүрлі болады.

Қосымша білім беру ұйымдары келесі форматтарда жұмыс істейді:

- 1) қашықтық форматындағы сабақтар;
- 2) штаттық режимде жеке сабақтар (балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдерінің өтініші негізінде);
- 3) штаттық форматта 15 адамнан аспайтын топтардағы сабақтар.

3. Дәстүрлі оқыту (штаттық форматта 15 адамнан аспайтын топтардағы сабақтар) – әрбір нақты өңірде санитарлық-эпидемиологиялық қолайлы жағдайда санитарлық қауіпсіздік нормаларын сақтай отырып, штаттық режимде оқыту процесін ұйымдастыру.

БҚББ ұйымдарының штаттық режимдегі жұмысы әр өңірдегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуалға байланысты болады.

4. Қашықтан оқыту - педагог пен білім алушы арасындағы тікелей байланыссыз қашықтан оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдануға негізделген оқыту процесін ұйымдастыру.

### **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың тәртібі**

5. Қашықтан оқыту түрінде жүзеге асырылатын оқу процесі білім алушының өзі орындайтын сабақтардың едәуір үлесін көздейді; әдістемелік және дидактикалық басшылық және БҚББ ұйымы тарапынан осы процесті, сондай-ақ білім алушылардың оқу жетістіктерін жүйелі бақылау және есепке алуды қамтамасыз ету.

6. Аралас оқыту форматы қашықтан оқытуды (теория) онлайн, офлайн режимінде, сондай-ақ штаттық форматта жеке сабақтар және штаттық форматта 15 адамнан аспайтын топтарда оқытуды көздейді. Штаттық тәртіпке көшу үшін:

1) БҚББ ұйымдарында санитарлық-эпидемиологиялық жағдайлар жасалуы тиіс, яғни термометрия, бетперде, ауыз су режимі, санитайзерлер, дезинфекциялау құралдары, желдету, кварцтау, 1,5 метр ара қашықтықты сақтау, ылғалды жинау қамтамасыз етілуі қажет;

2) педагогтердің штаттық режимде жұмыс істеуге жазбаша келісімі болуы керек. Егер педагог штаттық режимде жұмыс істеуден бас тартатын болса, БҚББ ұйымы да ата-аналарға топ ашудан бас тартады. Білім алушылар қашықтан режимінде оқиды;

3) қол жетімді байланыс құралдары арқылы Қосымша білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмаумен байланысты шектеу шаралары кезеңінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдардың 1-қосымшасында көрсетілген үлгіге сәйкес электронды нысанда ата-аналардың өтініштері.

Штаттық режимдегі сабақтың ұзақтығы - 40 мин. («Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары).

Балаларға БҚББ ұйымдары ата-аналармен бірге оқыту форматын келісетін болады және мектептегі сабақ кестесін, демалыс пен оқу режимінің ауысуын ескере отырып, икемді сабақ кестесін жасайды.

7. Оқытудың аралас форматында музыка, өнер, көркемөнер пәндері, тілдік курстар, робот техникасы, бағдарламалау, экология, туризм, шахмат және т.б. пәндер бойынша теориялық сабақтар қашықтан өткізіледі, ал практикалық сабақтар – штаттық форматта жеке сабақ және 15 адамнан аспайтын топтарда өткізіледі. Мысалы, фортепиано, домбыра, баян, скрипка сияқты т.б. музыка аспаптары және вокал бойынша практикалық сабақтар штаттық режимде жеке сабақтарда ұйымдастырылады.

Хор, оркестр, хореография, сольфеджио, бейнелеу, театр, цирк өнері сияқты т.б. сабақтың ұжымдық түрлері штаттық режимде 15 адамнан аспайтын топтарда ата-аналардың өтініші негізінде, қатаң санитарлық талаптарды сақтай отырып сабақ өткізуге мүмкіндік беріледі.

Сонымен қатар, авиа, кеме, автотуралар, құрастыру, картинг, мотокросс бойынша жас техниктер станциялары, сондай-ақ жас экологтар мен туристер станциялары 15 адамнан аспайтын топтарда қосымша білім беру ұйымының аумағында таза ауада практикалық сабақтар өткізе алады.

8. Штаттық және қашықтық форматта оқуға арналған сабақтар тізбесі педагогикалық кеңестің шешімімен анықталады және балаларға қосымша білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

9. Қашықтан оқыту нысаны қажет болған жағдайда, қажетті құжаттарды ұсына отырып, жеке оқыту кестесіне көшкен жағдайда, сондай-ақ заңнамада көзделген жағдайларда қолайсыз ауа-райы, төтенше жағдайлар және карантин кезінде білім арудың дәстүрлі (штаттық формат) және басқа да форматтарымен кешенді түрде іске асырылады.

10. Балаларға қосымша білім беру (БҚББ) ұйымы қашықтан оқытудан штаттық оқу режиміне ауысқан кезде білім алушының ата-анасының қалауы бойынша қашықтан оқытуда қалдыруға болады. Ол үшін ата-аналарға Қосымша білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмаумен байланысты шектеу шаралары кезеңінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдардың 1-қосымшасында көрсетілген үлгіге сәйкес өтініш беру қажет.

1) БҚББ ұйымының басшысы:

- оқу форматын таңдау бойынша жұмыс берушінің тиісті нормативтік актісін қабылдайды;

- еңбекақы төлеуді сақтай отырып, штаттық және қашықтық форматтарда білім беру процесін қамтамасыз ету бойынша қызметкерлердің еңбек функцияларын қайта бөледі;

- штаттық және қашықтық форматында ҚББ ұйымының тыныс-тіршілігін және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлердің еңбек функцияларын айқындайды (әкімшілік, техникалық персонал);

- БҚББ ұйымының персоналын қайта бөлінген функциялармен таныстырады.

2) БҚББ ұйымы басшысының орынбасарлары:

- оқу форматын ескере отырып, сабақ кестесін жасайды;

- бекітілген кестеге сәйкес педагогтардың қызметін және олармен кері байланысты ұйымдастырады.

3) Педагогтер:

- білім алушылар мен олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің) назарына қашықтан өткізілетін сабақтар түріндегі формат және оқу процесін ұйымдастыру ережелері туралы ақпаратты жеткізеді;

- оқу процесін бекітілген форматты ескере отырып іске асырады.

Білім алушылардың контингенті, кестесі, жұмыс кестесі, балаларға қосымша білім беру ұйымының педагогикалық құрамы педагогикалық кеңестің отырысында бекітіледі.

4) Білім беру процесін ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптар

Негізгі талаптар ҚББ ұйымының жарғысында, ұжымдық шартта және ішкі тәртіптемеде белгіленеді:

- білім беру бағдарламаларына сәйкес білім беру процесін қамтамасыз ету;
- санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес алдын алу шараларын сақтау және қамтамасыз ету;

- кең жолақты интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету;

- компьютерлік жабдықтар, құралдар, материалдар және т.б.

### **3-тарау. Білім беру процесін қашықтан оқыту форматында**

## ұйымдастыру

11. Қашықтан форматтағы білім алушылардың санаттары БҚББ ұйымдарында тиісті жағдайлар болған жағдайда Қосымша білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмаумен байланысты шектеу шаралары кезеңінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдардың 1-қосымшасында көрсетілген үлгіге сәйкес ата-аналардың өтініші бойынша қалыптастырылады:

- БҚББ ұйымдарының білім алушылары;
- дайындық және бірінші оқу жылының білім алушылары;
- ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар.

12. Қашықтан білім беру процесі балаларды, педагогтер мен басқа да қызметкерлерді толық оқшаулауды қамтамасыз ету үшін сандық білім беру ресурстары бар интернет-платформаларды пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Қашықтан сабақ өткізу үшін БҚББ ұйымы интернет-платформаны қолданады. Интернет-платформаның функционалы сабақ жүргізу сапасын және есептілікті қамтамасыз етеді.

Қашықтан оқыту үшін БҚББ ұйымдары электронды интернет-платформаларды өздігінен таңдап қолданады. Интернет платформалар онлайн режимде - тікелей эфирде сабақ өткізуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, қашықтан оқыту офлайн тәртібінде электронды пошта және т.б. байланыс құралдары арқылы да жүзеге асырылады (білім алушыларға арналған материалдар: бейнесабақ жазбасы, презентация, дәріс материалдары, схемалар, ноталар, суреттер және т.б. жіберіледі).

Интернет пен компьютер болмаған жағдайда оқу материалдары жеткізіледі.

Білім беру бағдарламалары мен жұмыс жоспарларын міндетті түрде орындау барысында қашықтан оқытудың икемді кестесі жасалады, ата-аналармен келісіледі.

Кері байланыс электрондық журнал, электрондық пошта арқылы жүзеге асырылады. Егер БҚББ ұйымы электрондық журнал жүйесінде жұмыс істемесе, кері байланыс қолжетімді байланыс құралдары арқылы жүзеге асырылады.

Педагогтер:

1) білім алушылар мен олардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) қашықтан оқыту форматы және оқу процесін ұйымдастыру ережелері туралы хабардар етеді;

2) қашықтан оқытуға білім алушылардың техникалық мүмкіндіктеріне: компьютердің, интернеттің болуына мониторинг жүргізеді;

3) білім алушылардың техникалық мүмкіндіктеріне қарай білім беру бағдарламасын меңгеру тәсілдерін айқындайды:

- интернет-платформаларды, электрондық поштаны, мессенджерлерді және т.б. пайдалану арқылы;

- тапсырмаларды пошта арқылы немесе қағаз түрінде қолма-қол жеткізіп беру арқылы;

- БҚББ ұйымының басшылығын білім алушылардың техникалық мүмкіндіктері туралы хабардар етеді;

4) электрондық журналдар жүйесінде, сондай-ақ түрлі мессенджерлер арқылы чаттар, білім алушылар мен олардың ата-аналарының форумдарын жасайды және қолданады;

5) білім алушылармен және олардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) тұрақты байланыс жасайды.

6) өзінің техникалық және педагогикалық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, сондай-ақ білім алушылардың мүмкіндіктеріне қарай оқу процесін ұйымдастыру тәсілін анықтайды:

- вебинар немесе мессенджерлер арқылы онлайн режим;
- бейнесабакты дайындау;
- жазбаша форматтағы қарым-қатынас;
- аталған әдістердің комбинациясы.

Бейне байланыс жазбаларын ортақ чаттарға жіберуге немесе оларға сілтеме жасай отырып бұлт қызметтеріне орналастыруға болады;

7) қашықтан оқытудың таңдалған форматына сәйкес оқу процесін жүзеге асырады.

Интернет-платформалар арқылы сабақ өткізу кезінде: педагог білім алушыларға өздігінен оқуға/тапсырмаларды орындау үшін оқу материалын ұсынады, сонымен қатар интернет-платформаларда орналастырылған сабақтарды, сондай-ақ қолжетімді цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануды ұсынады.

8) электрондық журналдар жүйесінде бейне сабақтарды көргеннен кейін, әртүрлі мессенджерлер, қолжетімді платформалар мен арналарға сілтемелер (техникалық мүмкіндіктер болған жағдайда) арқылы білім алушыларға өз бетінше оқуға/ орындауға арналған тапсырмаларды ұсынады;

9) білім алушылармен кері байланысты жүзеге асырады:

- орындалған жұмыстардың нәтижелерін қабылдайды;
- орындалған тапсырмаға талдау жүргізеді;
- түсініктеме және ұсыныстар береді;
- білім алушыны нәтижелермен таныстырады;
- білім алушылар үшін, оның ішінде қажет болған жағдайда ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін жеке консультациялар өткізеді;

10) кері байланыс:

- БҚББ ұйымдарының платформасындағы электрондық журналдар және т.б. жүйелер;
- мессенджерлер;
- телефон байланысы арқылы жүзеге асырылады.

Педагог кері байланысты ұсыну кезеңділігін өздігінен анықтайды.

11) үйде оқытуды ұйымдастыру мәселелері, білім алушының оқудағы жетістіктері мен проблемалары бойынша білім алушының ата-аналарымен өзара іс-қимыл жасайды.

БҚББ ұйымы басшысының орынбасарлары:

1) педагогтердің оқу процесін ұйымдастыру мүмкіндіктеріне мониторинг жүргізеді.

2) білім алушылардың аттестаттау, шығармашылық және өзге де жұмыстарын жүргізу мүмкіндігін айқындайды;



3) оқу тапсырмасын алу әдістері мен құралдарын анықтайды;

4) БҚББ ұйымы үшін қолжетімді кері байланысты жүзеге асырудың әдістері мен құралдарын айқындайды;

5) педагогтерге қашықтан оқыту, кері байланысты жүзеге асыру, ағымдағы және қорытынды бағалау бойынша ұсыныстар береді;

6) оқу процесінің барысына бақылау жүргізеді;

7) білім алушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг және талдау жүргізеді.

12. Үйде оқыту процесін ұйымдастыру.

Білім алушы мен оның ата-аналары (заңды өкілдері) мектеп қандай білім беру порталын немесе білім беру платформасын қолданатынын білуі тиіс, оларға қол жеткізу уақтылы қамтамасыз етілуі тиіс.

Білім алушы жұмыста қолданылатын барлық бағдарламалардың атауларын білуі керек. Қажетті білім беру порталын немесе білім беру платформасын уақытылы қосу. Ол және оның ата-анасы барлық қажетті ақпаратты педагогтен алуы керек.

Мектептегі сабақ кестесін, демалыс пен оқу режимінің ауысуын ескере отырып, білім алушының сабақтарын ұйымдастыру қажет. Білім алушыға қашықтан оқыту үшін мынадай жағдайлар жасалуы керек:

- тыныштық пен жұмыс жағдайын қамтамасыз ету;

- білім алушының бөлмесінде теледидарлардың фондық шуын немесе басқа балалардың немесе жануарлардың болуын болдырмау;

- жұмыс орны мен жабдықты қамтамасыз етіңіз, бейне, құлаққапты қосыңыз;

- сабақ барысында білім алушыда дыбыс және бейне қосулы болуы тиіс;

- білім алушы мен ата-аналар педагогті осы мәліметтер бойынша (бірлестік, топ, сынып, үйірме, пән, педагогтің аты-жөні) көруі тиіс;

- сабақ барысында білім алушыда дыбыс немесе бейне өшірілген жағдайда педагог ата-анасына телефон арқылы қоңырау шалып, ақауларды жояды;

- интернет жұмысы істен шыққан жағдайда білім алушы немесе оның ата-анасы (заңды өкілдері) жағдайды тез арада түзету және оқу қызметін қайта бастау үшін БҚББ ұйымына немесе педагогке хабарлауға тиіс.

Білім алушы сабақ кестесіне сәйкес пәндер бойынша материалдар мен тапсырмаларды қарайды немесе бейне сабақтарды өздігінен қарап шығу уақытын анықтайды.

Білім алушы алған тапсырмаларды өзіне ыңғайлы уақытта орындайды және педагогке жұмысты олардың орындалуына қарай жібереді, педагогпен байланыста болады.

#### **4-тарау. Білім алушының компьютермен жұмыс істеуіне қойылатын санитарлық талаптар.**

12. Онлайн сабақтың ұзақтығы:

1) дайындық топтарда және бірінші оқу жылындағы бірлестіктер мен топтарда (1-сыныптар) - 15 минуттан аспайды;

2) 2-3-сыныптарда (бірлестіктерде, топтарда және т.б.) - 20 минуттан аспайды;

3) 4-5 сыныптарда (бірлестіктерде, топтарда және т.б.) - 25 минуттан аспайды;

4) 6-7 сыныптарда (бірлестіктерде, топтарда және т.б.) - 30 минуттан аспайды.

Әр сабақтан соң көзге арналған жаттығулар немесе дене шынықтыру минуты өткізіледі.

Бір компьютер немесе ноутбукті жасына қарамастан екі және одан да көп адамның бір уақытта пайдалануы ұсынылмайды.

## **5-тарау. Штаттық режимде білім беру процесін ұйымдастыру**

13. Оқыту барлық бірлестіктерде (топтарда, сыныптарда), оның ішінде дайындық топтарында, білім алушылардың дене қызуын күнделікті өлшеуді қамтамасыз ете отырып, жүзеге асырылады.

Дене қызуы бар балалар үйіне қайтарылады, науқастанғандар анықталған жағдайда барлық топты қашықтан оқытуға көшу қамтамасыз етіледі, БҚББ ұйымы жұмысын жалғастырады.

14. Штаттық режимде білім беру процесін ұйымдастырған жағдайда:

1) басталу және аяқталу уақытын көрсете отырып сабақ кестесін жасау;

2) Әлеуметтік қашықтық, физикалық байланыстарды қысқарту үшін ауысымды арттыру;

3) кабинет жүйесін алып тастау, сабақтар белгілі бір кабинетте өткізіледі;

4) әр түрлі топтар үшін әртүрлі уақытта сабақтар арасындағы өзгерістерді ұйымдастыру;

5) білім алушылар мен педагогтердің кіру кезіндегі дене қызуын күнделікті өлшеу;

6) маскаларды кию режимін қамтамасыз ету;

7) оқу үстелдерін 1,5 метр қашықтықта орналастыру;

8) кабинеттер мен барлық бөлмелерді желдету, кварцтау;

9) қолды жуу және арнайы құралдарды пайдалану;

10) кабинеттерді әр екінші сабақтан кейін ылғалды жинау;

11) дәліздерде, рекреацияларда, холлдарда және басқа да бөлмелерді ауысым, қосалқы ауысымдар арасындағы ылғалды жинау;

12) пайдаланылған ыдысты әрбір тамақтан кейін дезинфекциялау құралдарымен өңдеу;

13) күн сайын дене қызуын өлшеу, ауру белгілерін анықтау, аурулар анықталған, карантин жарияланған және барлық топты Қашықтан оқытуға көшу, балалардың жағдайын бақылау жағдайларында, кейіннен топты штаттық режимге қайтара отырып, оқшаулау үшін медициналық кабинеттер мен оқшаулағыштардың (бар болған жағдайда) жұмыс істеуі;

14) хореография бойынша сабақтарды және таза ауада басқа да қозғалмалы сабақтарды ұйымдастыру немесе залдарды үнемі желдету.

15. БҚББ ұйымы кабинеттердің, рекреациялардың, холлдардың және басқа

да жабдықтардың, заттардың бетін өңдеу үшін дезинфекциялау құралдарының жеткілікті санымен қамтамасыз етіледі. Кіреберісте дезинфекциялық тоннельдер, аяқ киімге арналған дезинфекциялық кілемшелер орнатылады, барлық қабаттарда қолды өңдеуге арналған санитайзерлер орнатылады, термометрия қамтамасыз етіледі.

Сапалы сумен қамтамасыз ету, жуғыш құралдармен қол жууға арналған жағдайларды ескеру маңызды.

### **6-тарау. Штаттық форматта жеке сабақтар және 15 адамнан аспайтын топтарда білім беру процесін ұйымдастыру**

16. 2020-2021 оқу жылында коронавирустық инфекциямен және қолайсыз санитарлық-эпидемиологиялық жағдаймен күрес жөніндегі шектеулі шараларға байланысты БҚББ ұйымдарында оқыту қашықтық форматында басталады.

Бұл ретте балалардың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің өтініші бойынша білім алушылар үшін БҚББ ұйымдарында жағдай жасалған кезде білім беру процесін штаттық режимде жеке сабақтарда және 15 адамнан аспайтын топтарда ұйымдастыруға болады.

Жеке сабақтарда және 15 адамнан аспайтын топтарда білім беру процесін ұйымдастыру санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып, оның ішінде осы ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылады.

17. Жеке сабақтарға және 15 баладан аспайтын топтарда оқуға созылмалы аурулары жоқ (өтініште көрсетіледі) балалар жіберіледі.

Балаларды жеке сабақтарда және 15 баладан аспайтын топтарда оқытуды таңдау құқығы балалардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне тиесілі.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері таңдау құқығын БҚББ ұйымы басшысының атына өтініш беру арқылы білдіреді.

18. Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері балаларды жеке сабақтарда және 15 баладан аспайтын топтарда оқуға жібере отырып, балалардың қоғамдық ортада болатындығына және коронавирустық инфекцияны жұқтыру қаупі бар екендігіне түсініктері мен келісімдерін білдіреді.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері балаларды санитарлық қауіпсіздік құралдарымен қамтамасыз етеді: бетперделер, қолғаптар, қолды өңдеуге арналған жеке флакондағы антисептик немесе дымқыл бактерияға қарсы салфеткалар, ауыз су.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері балаларына әлеуметтік қашықтық қажеттілігі туралы түсіндіреді.

Даярлық тобы және бірінші оқу жылы тобы балаларының ата-аналары немесе заңды өкілдері сабақ басталар алдында БҚББ ұйымына кіру есіктеріне дейін балаларды алып жүруді және сабақ аяқталғаннан кейін БҚББ ұйымынан шығу есіктерінен үйге дейін балаларды алып жүруді жүзеге асырады.

БҚББ ұйымы дезинфекциялау құралдарының (кіре берістегі дезинфекциялау кілемшесі, тепловизорлар, санитайзерлер, ылғалды, дезинфекциялық жинауды қамтамасыз етуге арналған құралдар) қорын қамтамасыз етеді;

БҚББ ұйымында жағдайлардың болуы барлық санитарлық талаптарға сәйкестігі, штаттық режимде жұмыс істеуге келіскен педагогтердің болуын білдіреді.

Педагог штаттық режимде жұмыс істеуге өз келісімін еркін нысанда жазбаша ресімдейді. Егер педагог штаттық режимде жұмыс істеуге келіскен жағдайда, ол қоғамдық ортада болатынын және коронавирустық инфекцияны жұқтыру қаупі бар екенін түсінеді және келіседі.

Егер БҚББ ұйымы жеке сабақтарда және 15 баладан аспайтын топтарда педагогтің штаттық режимде жұмыс істеуден бас тартуына байланысты оқытуды қамтамасыз ете алмаған жағдайда, ата-аналарға топтар ашудан бас тартылады. Бұл жағдайда білім алушылар қашықтық режимінде оқиды.

19. Сыртқы байланыстарды азайтуға қойылатын талаптар:

- 1) «Бір топ – бір педагог» принципі;
- 2) топтың толымдылығы –15 баладан аспайды;
- 3) САН ПИН-ге сәйкес сабақтардың ұзақтығы;
- 4) оқуға созылмалы ауруы жоқ балалар қатыстырылады.

20. Жеке сабақтар мен 15 баладан аспайтын топтарда жұмысты ұйымдастыру тәртібі:

1) жеке сабақтарға және 15 баладан аспайтын топтарға қабылдау БҚББ ұйымдарында Қосымша білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмаумен байланысты шектеу шаралары кезеңінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдардың 1-қосымшасында көрсетілген үлгіге сәйкес ата-анасының немесе заңды өкілдерінің өтініші негізінде жүзеге асырылады. Өтініш электронды форматта қабылданады;

2) БҚББ ұйымы ата-аналарды штаттық режимде жеке сабақтарға және 15 баладан аспайтын топтарға қол жетімді байланыс құралдары арқылы өтініштерді қабылдау туралы алдын ала хабардар етеді;

3) контингент, сабақ кестесі, жұмыс кестесі, педагогикалық құрам педагогикалық кеңестің шешімімен анықталады және БҚББ ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі. Білім беру процесі БҚББ ұйымының бекітілген жоспарына сәйкес жүзеге асырылады;

4) штаттық режимде және қашықтан режимде сабақ кестесі синхронды түрде құрылады;

5) штаттық режимде білім беру процесі санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды қатаң сақтай отырып жүзеге асырылады;

6) кабинеттер бойынша қозғалуға, іс-шаралар мен ата-аналар жиналыстарын өткізуге тыйым салынады;

7) барлық жедел кеңестер қашықтан форматта өткізіледі;

8) асханалар/ буфеттер (бар болған жағдайда) жұмыс істемейді;

9) білім алушыларды ата-аналардың сабаққа дейін және одан кейін БҚББ ұйымына кіргенге дейін алып жүруі жүзеге асырылады.

21. Штаттық режимде сабақтарды ұйымдастыру кезінде қамтамасыз етілуі қажет:

- 1) әлеуметтік қашықтық үшін ауысымды ұлғайту және қосымша ауыстыру;
- 2) физикалық байланыстарды қысқарту;
- 3) балалар арасындағы әлеуметтік қашықтықты қамтамасыз ету үшін БҚББ

ұйымдарында ұйымдастыру алаңын барынша пайдалану;

4) педагогтердің және білім алушылардың кіре берісте дене қызуын күнделікті өлшеу;

5) маскаларды кию режимі;

6) оқу үстелдерін 1 метр қашықтықта орналастыру;

7) кабинеттерді, рекреацияларды желдету, кварцтау;

8) әрбір сабақтан кейін қолды жуу және арнайы құралдарды пайдалану;

9) әрбір екінші сабақтан кейін кабинеттерді ылғалды жинау;

10) дәліздерде, рекреацияларда, холлдарда және басқа да бөлмелердегі ауысым, қосалқы ауысымдар арасындағы ылғалды жинау;

11) күн сайын температураны өлшеу, оқшаулау үшін медициналық кабинеттер мен оқшаулағыштардың жұмыс істеуі; ауру симптомдарын анықтау, сырқаттанғандар анықталған, карантин жарияланған және барлық топты қашықтан оқытуға көшу анықталған жағдайда, топты штаттық режимге қайтару жағдайларында топтағы балалардың жай-күйін бақылау;

12) хореография бойынша сабақтарды және басқа да қозғалмалы сабақтарды таза ауада ұйымдастыру немесе залдарды үнемі желдету.

### **7-тарау. Қашықтан оқыту форматында білім беру процесін ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар.**

Білім алушының қызметі:

- оқу материалын алу (теориялық материал, әдістемелік нұсқаулар, практикалық тапсырмалар, тесттер, зертханалық жұмыстар және т. б.) жоспарға, сабақ кестесіне сәйкес, әрбір сабақ құрылымдық түрде беріледі;

- оқытудың жеке траекториясын (сабақ кестесі, графиктер), оқыту нәтижелерін, нақты оқу пәні бойынша табыстылықты талдау үшін қажетті өзінің когнитивтік біліктерінің (сипаттамаларының) өзгеруі туралы ақпаратты, платформадағы өзара іс-қимыл және жұмыс режимі туралы ақпаратты қарау;

- теориялық және практикалық материалдарды өздігінен меңгеру, білімді тестілеу, білімді өздігінен тексеру;

- педагогпен кері байланыс арқылы нұсқаулықтарды, сондай-ақ платформамен, оқу материалымен жұмыс істеуге қолдау көрсетуді алу.

Білім алушының болжамды күн тәртібі:

- материалдар мен тапсырмаларды қарау (әрқайсысы уақытты өздігінен анықтайды);

- педагогпен байланыс (қажеттілігіне қарай);

- алынған тапсырмаларды ыңғайлы уақытта орындау және орындау шамасына қарай педагогке жіберу;

- педагогпен жұмыс және туындаған мәселелерді талқылау;

- келесі күнді жоспарлау.

Педагогтің қызметі және оның мүмкіндіктері:

- білім алушының білім траекториясын қарау және түзету (сабақ кестесі және т.б.);

- оқу материалдарын басқару мүмкіндігі (орналастыру, тапсырмаларды

ұсыну, жетістіктер нәтижелері және т.б.);

- орындалған жұмыс бойынша түсініктеме, айдарлар және т.б. үшін кері байланыс жасау;

- сабақта өздігінен әзірлеген оқу материалын пайдалану мүмкіндігі.

Білім алушылармен кері байланысты жүзеге асыру алгоритмі

Педагог білім алушылармен кері байланысты ұйымдастырады:

- орындалған жұмыстардың нәтижелерін қабылдайды;

- орындалған тапсырмаға талдау жүргізеді;

- кері байланыс пен ұсынымдарға түсініктеме береді және ұсынады;

- білім алушыларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жеке консультациялар өткізеді.

Кері байланыс жүзеге асырылуы мүмкін:

- интернет-платформалар, электронды пошта және т.б.;

- ұялы және стационарлы телефон байланысы.

Байланыс және интернет болмаған жағдайда оқу материалдарын жеткізу жүзеге асырылады.

Оқу материалдарын қағаз тасымалдағышта беру кезінде:

- бірлестікті (топты, сыныпты), оқу пәнінің атауын, сабақ тақырыбын көрсету;

- сабақ тақырыбы бойынша қысқаша конспект, тезистер беру;

- өз бетінше орындау және бекіту үшін сұрақтар тізімін белгілеу;

- оқу мақсаттары мен бағалау өлшемдеріне сәйкес тапсырмаларды ұсыну;

- тақырып бойынша қосымша материалдарды және кері байланыс механизмін ұсыну қажет.

### **8-тарау. Қашықтан оқыту технологиясын қолдану арқылы білім алушыларға жүктемені төмендету бойынша ұсынымдар**

Аралас және толық қашықтан оқыту жағдайында үй тапсырмасының форматы өзгереді, себебі барлық оқу тапсырмалары үй жағдайында орындалады.

Осыған байланысты білім алушылардың артық жүктемесін болдырмау мақсатында педагогтердің Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 38 бұйрығымен бекітілген "Адамға әсер ететін физикалық факторлар (компьютерлер мен бейнетерминалдар) көздерімен жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бұлжытпай орындауы қажет.

### **9-тарау. Қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, бейнесабактарды әзірлеуге қойылатын талаптар**

#### **Жалпы талаптар:**

1. Ұйымдастырушылық:

- білім беру бағдарламаларына сәйкестігі;

- дидактикалық қағидаларды іске асыру;
- телевизиялық, ақпараттық-коммуникативтік және мультимедиялық технологияларды пайдалану;
- сабақ құрылымы:  
сабақтың басталуы: титрлар (бірлестік, топ, сынып) үйірме, пән;  
оқыту мақсатын тұжырымдау;  
жаңа оқу материалын түсіндіру, сұрақтар;  
қорытындылау бөлімі: қорытындылар, кері байланыс.
- кері байланыс: электронды журналдар, интернет-платформалар; электрондық пошта; мессенджерлер; мобильді және стационарлы телефон байланысы арқылы жүзеге асырылады;
- оқу материалын өздігінен оқуға, әрбір білім алушыны белсенді оқуға тартуға баса назар аудару;
- аудиовизуалды құралдар: графика, аудио, бейнематериалдар, презентациялар;
- материалды бекітуге арналған тапсырмалардың оңтайлы көлемі;
- дифференциалды оқу тапсырмалары;
- тапсырмаларды өз бетінше орындау үшін нұсқаулықтар, алгоритмдер, ұсынымдар әзірлеу;
- сабақты ұйымдастырудың әртүрлі әдістерін қолдану (ішінара-іздеу, эвристикалық, зерттеу, жобалау жұмыстары, зерделеу, чаттарда, әлеуметтік желіде талқылау, пошта арқылы хат алмасу);
- білім алушыларға кез келген уақытта қарау мүмкіндігі (офлайн режимі).
- білім алушыларға, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жеке консультациялар (қажет болған жағдайда).

## 2. Сабақтың мазмұны:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында таратуға тыйым салынған ақпараттың болмауы;
- «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169 - VI Заңының талаптарына қайшы келмеуі;
- оқу мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етпейтін ақпаратты қамтымайды;
- сабақ мазмұнын оңтайлы таңдау;
- ғылыми сенімді мәліметтер, терминология дәл, нақты құрылымдалған ақпарат;
- теориялық материалды беру: логикалық, нақты, толық, дәйекті;
- «классикалық» (баяндау) және стандартты емес стильдердің үйлесімі;
- табиғи түсірілім мен символ толтырудың ақылға қонымды арақатынасы (сақтағыш, мәтін және т. б.);
- слайдтар саны-бір сабаққа 8-10.
- алынған материалдың авторы және (немесе) ақпараттың алынған көзі көрсетілген;

## 3. Эмоциялық фон:

- педагогтің дауысы сабырлы, мейірімді, дыбысты қабылдауға жеткілікті, сөйлеуі анық, дикциясы жақсы;
- мазмұндауы сенімді, еркін, жеткілікті түрде эмоциялы (қатысу әсері),

мазмұндау қарқыны жайлы;

- психологиялық әсер етуі: айтылатын мәтіннің стилі мен тілі, интонация, жеке сөйлемдерді акцептациялау, эмоциялы жоғарылау, үзіліс;
- адекватты (эмоциялық тұрғыда) музыкалық сүйемелдеу;

#### 4. Сабақтың дизайны:

- түс фоны тұрақты - түс гаммасы жақын үш түстен;
- экрандағы мәтін қысқа, анық, шамадан тыс жүктелмеген;
- су белгілерінің, бөгде жазулардың, жарнамалардың болмауы;
- маңызды ақпаратты ерекшелеу: түспен, қалың қаріппен, басқа қаріппен;
- контраст қаріптердің аз саны;
- дыбыс анық (бөгде дыбыссыз), дыбыс деңгейі біркелкі;
- бейнеқатар - экран ауданының 75-100%.

#### 5. Педагогтің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

Психологиялық-педагогикалық дайындық:

- білім алушының жас және психологиялық ерекшеліктерін білу;
- электрондық оқыту ресурстарын әзірлеу және құру талаптарын білу;

Әдістемелік дайындық:

- электрондық білім беру материалдарын әзірлеу және пайдаланудың әдістемелік тәсілдерін меңгеру;
- сабақтың оқу мақсаттарын стандартты емес жағдайларда жүзеге асыра білу;

IT-технологиялармен жұмыс істеу дағдылары:

- IT-құзыреттіліктің болуы;
- электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу және пайдалану дағдылары.

7. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін оқытудың қолжетімділігі:

- білім беру бағдарламалары мен оқытудың жеке жоспарларын пайдалану;
- субтитрлердің, сурдоаудармалардың болуы;
- арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету;
- бейімделген сандық ресурстарды таңдау немесе әзірлеу;
- дифференциалды оқу тапсырмаларын қолдану.

Бейнетаспаға қойылатын талаптар

Ұйымдастыру:

- ұзақтығы: 15 минуттан аспайды;
- икемді жеке кесте;
- кез келген уақытта қарау мүмкіндігі;
- үлгерімді ағымдағы бақылау арқылы:
  - а) коммуникациялық құралдарды қолдану арқылы «on-line» режимінде білім алушы мен педагогтің тікелей қарым-қатынасы;
  - б) автоматтандырылған тестілеу кешендері;
  - в) жеке тапсырмаларды тексеру.

Қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы сабаққа қойылатын талаптар

Ұйымдастыру:

- ұзақтығы: 15-30 минут;
- сандық технологияларды қолдану арқылы нақты уақыт режиміндегі сабақ;



- видеоконференциялар (вебинарлар, конференциялары, стриминг);
- Интернет желісінде хабар алмасу арқылы асинхронды форматтағы сабақтар: тапсырмаларды өз бетінше орындауға екіпін (электрондық пошта т. б.);
- чатта, әлеуметтік желіде, пошта арқылы топтық хат алысуда білім алушылардың топтық жұмыстарын ұйымдастыру мүмкіндігі;
- педагог білім алушыларға өздігінен оқу/ тапсырмаларды орындау үшін оқу материалын ұсынады;
- педагог интернет-платформаларда орналасқан сабақтарды, сондай-ақ қолжетімді сандық білім беру ресурстарын пайдалануды ұсынады;
- үлгерімді ағымдағы бақылау арқылы:
  - а) телекоммуникациялық құралдарды қолдану арқылы «on-line» режимінде білім алушы мен педагогтің тікелей қарым-қатынасы;
  - б) автоматтандырылған тестілеу кешендері;
  - в) жеке тапсырмаларды тексеру.

### **10-тарау. Білім беру платформалары мен электрондық ресурстарды пайдалану**

Қашықтан оқыту үшін БҚББ ұйымының таңдауы бойынша интернет платформаларды және білім беру электронды платформаларды, сондай-ақ электронды пошта және басқа байланыс құралдарын (білім алушыларға арналған материалдарды: бейнесабак жазбасы, презентациялар, оқу материалдары, схемалар, ноталар және т.б. жолдау) қолдануға болады.

Жоғарыда аталған байланыс құралдары болмаған жағдайда оқу материалдары мен тапсырмаларды қағаз тасығыштарда қолма-қол берудің басқа да тәсілдері қолданылады.

БҚББ ұйымы таңдаған білім беру платформасы білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

Білім беру платформасы

1. Оқу материалын беру:

- қашықтан;
- күн сайын;
- кесте бойынша.

2. Оқу материалының форматы:

- бейнесабак;
- бейнеконференциялар;
- концерттер;
- көрмелер;
- презентация;
- оқыту процесін ұйымдастыру бойынша нормативтік құқықтық актілер;
- қашықтан оқыту кезінде сабақтарды әзірлеу және толықтыру үшін икемді құралдар;
- білім алушылардың ұжымдық/бірлескен жұмысын қолдау (форумдар, чаттар, құжаттармен жұмыс, презентациялар және т.б.);

- интернет, білім беру платформасының қызметтеріне қол жетімділік (Web-портал);

- оқытушылар мен білімалушыларға бірыңғай кіру нүктесін ұсыну;

- білім деңгейінің динамикасын көрсету және барлық оқу кезеңінде әрбір білім алушы бойынша нәтижелер.

Мыналарды ескеру маңызды

1. Дербес компьютерлерге арнайы бағдарламалық жасақтаманы орнату қажет емес.

2. Мобильді құрылғыларды пайдаланған кезде тегін мобильді қосымшаны орнату мүмкін.

3. Портал кез келген құрылғыларда іске қосылуы тиіс (компьютерлер, планшеттер, смартфондар).

4. Порталды пайдаланушының интерфейсі интуитивті-түсінікті, пайдаланушы үшін ыңғайлы болуы керек және оның міндеттерін шешу керек.

5. Білім алушының жеке кабинеті барынша ыңғайлы және түсінікті болуы, пайдаланушының, білім алушының барлық қажетті қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс.

Компьютерлік жабдыққа және Интернет желісіне қосудың өткізу қабілетіне қойылатын ең төменгі жүйелік талаптар.

Интернетке қосылу - (кең жолақты) сымды немесе сымсыз (3G немесе 4G / LTE).

Динамиктер мен микрофон-кірістірілген немесе USB, немесе сымсыз Bluetooth.

Веб-камера немесе HD веб-камера-кірістірілген немесе USB.

Немесе HD-камерасы және басып алу HD бейне картасы бар.

Қашықтан оқыту үшін электрондық платформаларды пайдалану бойынша ұсынымдар

Қашықтан оқыту процесі шеңберінде бірқатар платформаларда ұсынылатын ресурстар мен функциялар білім алушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізуге, бағалау кезінде кері байланысты жүзеге асыруға, платформада тапсырмалардың қажетті форматын қалыптастыруға және оларды нәтижесін көрсете отырып орындауға, оқу жетістіктерінің нәтижелері бойынша түсініктемелер беруге мүмкіндік береді.

Онлайн режимінде - тікелей эфирде (бейнестриминг) сабақ өткізу үшін интернет-платформаларды қолдануға болады.

Қашықтан оқыту кезінде «Қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығын қолдану ұсынылады.

## 11-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау

Оқу жетістіктерін бағалау бойынша ұсынымдар:

- пән бойынша білім беру бағдарламасының өлшемдеріне сәйкес бағалау;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының мүмкіндіктерін ескере отырып, дифференциалды тапсырмаларды әзірлеу;

- оқу процесінде өзін-өзі бағалауды қолдану;
- білім алушылар мен олардың ата-аналары үшін міндетті түрде кері байланыс ұсыну;
- журналды үнемі толтырып отыру.

Интернет болмаған жағдайда, білім алушылардың оқу тапсырмалары мен өзіндік жұмыстары санитарлық қауіпсіздік шараларын қолдана отырып, үйлеріне жеткізіледі (Қазпошта бөлімшелері арқылы).

## **12-тарау. Білім беру үдерісіне қатысушылардың қызметі**

БҚББ ұйымының басшысы:

- ішінара штаттық және толық қашықтық форматында білім беру процесін қамтамасыз ету жөніндегі еңбек функцияларын жүзеге асыратын қызметкер;
- қызметкерлердің келесі тобын анықтау үшін жұмыс берушінің тиісті нормативтік актісін қабылдайды;
- өңірдегі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, білім беру үдерісін ұйымдастыруды және оқыту форматын таңдауды қамтамасыз етеді;
- ішінара штаттық және толық қашықтық форматында (әкімшілік, техникалық персонал) БҚББ ұйымның тыныс-тіршілігін және қызметін қамтамасыз ететін қызметкерлер;
- санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып, оқыту форматын қашықтан оқытудан ішінара штаттық оқыту форматына, содан кейін өңірдегі және елдегі эпидемиологиялық жағдайды жақсарту кезінде жұмыстың толық штаттық форматына өзгерту туралы шешім қабылдайды;
- БҚББ ұйымының жұмыс сапасын арттыруға бағытталған басқару шешімдерін қабылдайды;
- қажеттілігіне қарай педагогтермен, білім алушылармен және олардың ата-аналарымен (занды өкілдерімен) кері байланысты жүзеге асырады;
- интернет желісіне және байланыс құралдарына рұқсаты жоқ білім алушылардың оқу тапсырмаларын жеткізуді және орындалған жұмыстарын жинауды ұйымдастырады;
- жеке қорғау құралдарын пайдалану жөніндегі талаптардың қатаң сақталуын қамтамасыз етеді;
- білім алушылардың, педагогтердің және басқа да қызметкерлердің санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету бойынша, білім беру үдерісін ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдайды, қабылданған шаралар туралы жоғары тұрған басқару органына және білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына дереу хабарлайды;
- есептілік құжаттамасының сұрауына жол берілмейді;
- білім беру үдерісін ұйымдастырудың барлық мәселелері бойынша білім алушыларды, педагогтерді, басқа да қызметкерлерді, ата-аналарды (занды өкілдерді) байланыстың қолжетімді түрлері, білім беру ұйымының интернет-ресурстары арқылы қашықтан оқыту форматы туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымы басшысының орынбасарлары:

- қызметтер штаттық режимде оқыту кезінде санитарлық талаптардың сақталуын ұйымдастырады;
- білім алушылардың білім беру бағдарламаларын меңгеруіне бағытталған шараларды әзірлеуді ұйымдастырады;
- оқу материалдарын, оның ішінде электрондық оқу-әдістемелік кешендерді, электрондық білім беру ресурстарын қалыптастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;
- БҚББ ұйымының интернет-ресурстарында (сайт) орналастырылатын оқытудың таңдап алынған форматын ескере отырып, икемді сабақ кестесін құрайды;
- оқыту әдістері мен тәсілдерін, білім алушылардың тапсырмаларды алу және олардың орындалған жұмыстарын ұсыну мерзімдерін айқындайды; білім беру процесінің барлық қатысушыларын (педагогтерді, білім алушыларды, білім алушылардың ата-аналарын (заңды өкілдерін), өзге де қызметкерлерді) жұмысты ұйымдастыру және оқыту нәтижелері туралы хабардар етуді жүзеге асырады;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, білім беру процесін ұйымдастыру барысында әдістемелік қолдау көрсетеді;
- педагогтердің қызметтерін бекітілген кестеге сәйкес ұйымдастырады және олармен кері байланыс жасайды;
- оқыту үдерісін өткізу барысын педагогтермен кері байланыс арқылы бақылайды;
- педагогтердің оқу жүктемесін орындауы жөніндегі жұмысты үйлестіреді;
- БҚББ ұйымының қызметін талдайды.

Педагогтер:

- штаттық режимде оқыту кезінде санитарлық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;
- білім беру процесін жүзеге асырады;
- білім беру бағдарламалары мен жеке жоспарларды әзірлейді (түзетеді);
- оқу материалдарын вебсайттарға, электрондық кітапханаларға және т. б. сілтемелерді қолдана отырып құрылымдауды жүзеге асырады;
- оқушылардың қызығушылығы мен мүмкіндіктерін ескере отырып, қашықтан жұмыс істеу үшін жеке тапсырмалар әзірлейді;
- білім алушылар мен олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) назарына қашықтан оқыту түріндегі формат туралы ақпаратты жеткізеді;
- электрондық ресурстарда тиімді және әр түрлі жұмыс түрлерін (бейне сабақтар, өзіндік жұмыс және т.б.), қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оңтайлы және әр түрлі жұмыс түрлерін қолдана отырып, педагогтер мен білім алушылар арасында интерактивті өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді;
- оқу кестесіне сәйкес офлайн және онлайн-сабақтар өткізеді, өзіндік жұмысты бақылауды қамтамасыз етеді;

– білім алушылар үшін, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін жеке консультациялар өткізеді;

– тапсырмалардың орындалуын бақылайды; жүргізілген жұмыстар туралы БҚББ ұйымдарын хабардар етеді.

Білім алушы:

– штаттық режимде оқыту кезінде санитарлық талаптарды сақтайды;

– қашықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы оқыту кезінде педагогтермен байланыста болады;

– қол жетімді байланыс құралдары арқылы сабақ кестесімен, тақырыптарымен, мазмұнымен танысады;

– оқу кестесіне сәйкес өздігінен оқу мақсатында оқу материалын алу үшін электрондық платформаларға, пошталарға және басқа байланыс жүйелеріне кіреді;

– оқу тапсырмаларын өздігінен орындайды, орындалған тапсырмаларды қолжетімді байланыс (платформа, электронды пошта және т.б.) құралдары арқылы педагогке жібереді;

– оқу тапсырмаларын орындау кезінде өзін-өзі бақылау және академиялық адалдық қағидаларын сақтайды.

Білім алушылардың ата-аналары (заңды өкілдері):

- білім алушыға оқу үшін жағдай жасайды;

- мүмкіндігінше, балалардың оқуын, білім алушылардың өзіндік тапсырмаларды орындауын бақылауды жүзеге асырады;

- педагогпен байланыс жасайды.

Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде қосымша білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға 1-қосымша

Кімге \_\_\_\_\_  
Аты-жөні \_\_\_\_\_  
күні \_\_\_\_\_  
Мекен-жайы бойынша тұрғылықты жері, көшесі \_\_\_\_\_  
Телефон \_\_\_\_\_

### ӨТІНІМ

Менің ұлымды (қызымды) \_\_\_\_\_ аты-жөні толығымен, бірлестік (топ, сынып) штаттық режимде оқытуды ұйымдастыруды сұраймын. Карантин шаралары кезінде баламды оқыту жағдайымен танысқанымды және келісетінімді хабарлаймын. Менің баламның созылмалы аурулары жоқ.

Баламды қажетті санитарлық-гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуді міндетіме аламын. Ауру қаупімен байланысты жауапкершілікті түсінемін.

Күні \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

#### Результаты согласования

02.09.2020 19:28:26: Кудеринова А. М. (Комитет дошкольного и среднего образования) - - согласовано без замечаний

02.09.2020 19:31:31: Мелдебекова М. Т. (Комитет дошкольного и среднего образования) - - согласовано без замечаний

02.09.2020 20:03:03: Каринова Ш. Т. (Руководство) - - согласовано без замечаний